



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Furthermore, listening to authentic materials such as songs and news in English is also possible via iPods. Not only that, writing skills can be enhanced when the instructor sends text messages and the students can read and answer those messages (Sarica & Cavus, 2009).

Short Message Service (SMS), voice-messaging, cameras, video-recording and even Internet access for cell phone users are practical for language learning. Chinnery (2006) believed that all of these features allow language teachers to offer access to authentic content, communicative language practice, as well as completion of tasks to the students.

A cell phone is the most popular and accessible mobile device in language learning as it is widely used by individuals regardless of their age and gender. Houser, et al. (2002) quoted the results of a study performed by Stanford Learning Lab on learning language via mobile phones. They provided some programs including translation of words and phrases, vocabulary practice, access to live talking tutors and quizzes. The findings of the study revealed that mobile phones were effective for quiz delivery carried out in small segments. It also concluded that quizzes and voice vocabulary lessons had great potential in the teaching and learning of language. Kiernan and Aizawa (2004) evaluated the effectiveness of course delivery on Japanese university students' achievement in EFL classes using mobile devices. The results of their study demonstrated that learning gained through task-based mobile learning including text messages, emails and speaking activities was satisfactorily achieved by the students. They found that second language acquisition is significantly enhanced through the application of cell phones as tools in EFL classrooms.[3]

This paper has highlighted the application of a variety of mobile devices in the educational delivery, particularly in the field of TESL. Mobile devices like other technologies, at first appeared peculiar for pedagogical use but slowly, they have become a part of our life. Great changes in utilizing PDA, iPod, Podcast, and cell phone for the teaching and learning of languages have proven the potential of mobile technologies. Furthermore, related literature has identified the adoption of this technology by language teachers. Portability and wide access to mobile phones have made it more popular in education. A computer is perhaps more excellent than a mobile phone "for handling various types of information such as visual, sound, and textual information, but mobile phone is superior to a computer in portability (Yamaguchi, 2005). Hence, the integration of mobile learning with English teaching and learning may offer vast innovations in the coming days. Even though the utilization of mobile learning in TESL is not common in many countries, such educational setting seems a fashionable path in language learning. Mobile learning applications in language learning has its advantages and its potential should not be overlooked, for, the future holds great possibilities for this type of technological device for pedagogical use.[1]

Literature:

1. Kukulska-Hulme, Mobile language learning now and in the future, Sweden pp. 295–310.
2. Mohamed Ally, International Review of Research in Open and Distance Learning, Canada, June – 2007.
3. Maryam Tayebnik, Mobile Learning to Support Teaching English as a Second Language, Malaysia, 2012.

ОӘК: [811.111:811.512.122]:398.91

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ҚАЗАҚ, ТҮРКІ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Назымқызы Жайнар

1996198@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының
2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Б.Жузтаев

Бұл мақалада түрік-ағылшын мақал-мәтелдерін зерттей келе, олардың шығуы, ұқсастығы мен айырмашылығын ескеріп, кейбір мақал-мәтелдерді сол сақ және англо-саксондар заманынан осы күнге дейін сақталып, ауыз екі тілде айтылып, келе жатқанын байқадық. Бірнеше ағылшын ғалымдары, соның ішінде еліміздің ақын, жазушылар, лингвистер мен паремиологтар өздерінің еңбектерінде сақтар туралы көптеген еңбектер жазып, этимологиялық талдау арқылы әрбір сөздің шығуын зерттеп, сол англо-саксондар сақтар екенін дәлелдеп отыр. Көптеген руналық таңбаларды зерттей келе, қаншама ғасырлар өтсе де, кейбір сөздер мен мақал-мәтелдерді сол қалпында өзгермей қалғанын байқадық. Адам өмірінің мақал-мәтелдер қамтымайтын саласы жоқ. Қазақ мақалдарындай ағылшын халқының мақалдары да әспеттеп жасалған әсем де әсерлі дүние. Ас сөзбен көп мағына білдіріп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйетін ықшамдық пен мығымдық ағылшын мақалдарына өте тән. Қазіргі әлемдегі ең бірінші орында тұрған – ағылшын тілі болып есептелінсе, сол тілдің осыншама деңгейге жетуіне түрік тілі немесе англо-саксондар тілі көп әсер еткен. Түркизмдердің басым бөлігі осы қабатта жатқанын байқауға болады.

Ағылшын тілінің дамуына Британ аралдарына келушілер өздерімен бірге тілдерінде ала келіп, кетерде көп сөздерін қалдырып кеткен. Тіпті кейде сол аралдарда жергілікті халықпен қоян-қолтық араласып, сіңісіп кеткен. Ағылшын тілінің сөздік қорын жартысынан көбісі кірме сөздерден құрайтынын ғалымдар дәлелдеп отыр. Ол туралы белгілі Британ лингвисті Деви́т Кристал былай түсіндіреді: «Кей халықтар өз тіліндегі кірме сөздерді сөздік қорына ежелден құшақ жая енгізіп келеді» (“Whereas the speakers of some languages take great pains to exclude foreign words from their lexicons, the English seems always to have welcome them”) [1:709]. Сол кірме сөздерге көп үлес қосқан – англо-саксон тайпасы екен. Олар өздерімен бірге жергілікті халыққа руна жазбасы мен дінді әкелді. Латын тілін ығыстырып, руна жазуын үйретіп, руналық мәтін мен ел – елге ақпарат жіберіп отырған. Бұл жайында Ұлы Британия премьер-министрі болған Уинстон Спенсор Черчиллдің «Ағылшын тарихы» деген төрт томдық еңбегінің бірінші томында сақтар туралы былай деп жазған: “Some miserable runic scribbling were the only means by which they could convey their thoughts or wishes to one another at a distance”. [Winston S.Ch. A History of the English speaking People. Volume 1] [2:72].

Ағылшын тілінің этимологиялық сөздіктері “AS” (Anglo-Saxon) англо-саксондар тілінен енген, “OHG” (Old High German). «Германия оңтүстігін мекендеген ежелгі герман тайпалары тілінен енген» деген белгісі бар сөздерге көңіл аудару керек. Англо-саксондардан енген «tin» сөзі ағылшын этимологы Ернст Уиклидің зерттеуі бойынша, қазақ тіліндегі «тиын, ұсақ ақша» деген ұғыммен өте ұқсас екенін дәлелдеп отыр. “*tin*” AS *tin for slang sense of money, said to have been first applied to the tin-worn silver coinage of the 18 cent. Recalled in 1817, cf. Brass...*” [1:727]. Е.Уикли “tin” сөзінің тіліне англо-саксондар тілінен енгенін ауыз екі тілде ол «ақша» деген мағына білдіретін, 18-ші ғасырда “tin” атауы ұсақ күміс ақшасы ретінде қолданғанын айтады. «Тиын» сөзі ежелгі түркі тілінде «металл», «темір» мағынасында қолданылса, ал қазіргі кезде “tin” сөзі ағылшын тілінде «қалайы», «концервіленген тамақты сақтайтын қалбыр» деген мағынада қолданылып жүр.

Белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов «Тюрки в доистории» деген жарық көрген кітабінде руналық таңбаларды салыстыра отырып, ағылшын тіліндегі “earth”, “terra” деген сөздердің түркі тіліндегі «йер» (жер) сөзімен тамырлас екенін дәлелдеді [2002:285,286]. Осыған дәлел ретінде тағы да екі сөзді мысалға келтірсек. **yard**-«ярд»-жерді өлшеу үшін қолданылатын бірлік сөзі мен **garden**-/ga:dn/-көгергіш өсіруге қолданылған жер телімі сөзін толығырақ Ернст Уикли былай түсіндіреді: “*Yard measure geard cf., Dugierd, rod, wand, measyre of land*”. Сонымен, “yard”- «ярд»-англо-саксондардың тілінде (орысша «жердь», йер-д), жерді өлшеуге арналған «сырғауыл», «арқан» немесе «таяқ» деген мағынада қолданылған екен. Яғни, «ярд» сөзі де «йер» (жер) деген сөзбен өте ұқсас. Ежелгі түркі тілдерінде [ж] дыбысы болмағаны, оның орнына [й] дыбысы айтылғаны айдан анық. [ж] дыбысы тілімізге тек 10-шы ғасырдан кейін араб, парсы тілдерінің әсерінен болған. Ал “garden” сөзінің “yard” [йард, йерд] сөзінен шыққанын ағылшын тілінің бірнеше

этимологиялық сөздігінен байқауға болады. Осындай этимологиялық талдаудан кейін, ағылшын тілінің тарихы түркі тілдерінің әсерінен көп өзгеріске ұшырағанын айта аламыз.

Жазушы Мұрат Аджи ағылшын тіліндегі «yoghurt»- йогурт түркілердің «іріткі» деген сөзінен шыққанын дәлелдеп берді. Осы туралы ағылшын этимологтары да зерттеп, былай түсіндіреді: “yogurt also yoghurt” /ym-gart/ [Turk yogʊt] (1625): “a fermented slightly acid often flavored semi-solid food made of whole or skimmed cillus bulgaricus and Streptococcus thermophiles have been added” [1983: 1368] [1:729].

Ағылшын ғалымы, паремиолог Гарней Чемпионның «Әлем халықтарының мақал-мәтелдері» атты еңбегіндегі түрік мақалдарына арналған тарауына жазған алғы сөзде (“Introduction to the Proverbs of Turkey”) түрік халқының 4300 мақал-мәтелін жинап шығарғанын, оны 1897 жылы Е.Ж. Девис (E.J. Davies) ағылшын тіліне аударып “Osmania Proverbs and Quaint Saying” (Осман түріктерінің мақалдары мен даналық сөздері) атты кітап етіп бастырғанын айта келе: *«Кейінгі дәуірде туындаған бірен-саран болмаса, ол мақал-мәтелдердің дені ежелден, түріктер орта ғасырларда батысқа қоныс аудармай тұрып Орталық Азияда көшпелі өмір салтын кешіп жүрген пайда болған. Мұны мақалдардың мазмұнын сөзбе-сөз, дәлме-дәл аударғанда көрдік. Көптеген мақалдарға ауыл тіршілігі мен үй жануарлары жие образ болған. Әсіресе, түрік мақалдарының басты метафоралық құралы-мал» - дейді.* (“With the exceptions a few comparatively modern ones they are mostly very old, dating from early centuries when the Turks were leading nomadic and agriculture life Central Asia before their victorious march to West in the Middle Ages. This can be proved by the figurative rendering of many proverbs which frequently refer country life and domestic animals, especially the latter; animals constitute the main metaphorical feature of Turkish proverbs”) [1:733]. Осы еңбектен бірнеше мақал-мәтелдерді мысалға алсақ:

The friend looks at head, the enemy at the foot—Дос-басыңа, дұшпан аяғыңа қарайды;

A bowed is not cut off—Иілген басты қылыш алмас;

All that one suffers from unhappiness comes from the tongue—Басқа пәле тілден;

A village in sight does not require a guide—Көрінген ауылдың алыстығы жоқ;

A dry spoon does not please—Құрғақ қасық ауыз жыртады;

Осыған мысал ретінде, “Turkic (Turkestan) including Turfan” деген еңбектен өзімізге өте жақын мақал-мәтелдерді кездестірдік:

An ox is taken by the horns, a man by the tongue—Сиыр мүйізінен, адам тілінен жазады;

It is foolish bird that soils his own nest—Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас, үйірінен айрылған тұлпар оңбас;

No gain without pain—Бейнетсіз зейнет жоқ;

God helps him who helps himself—Құдайда сақтағанды сақтайды;

Gossiping and lying go hand in hand—Өсек пен өтірік егіз;

Health is above wealth—Денсаулық-зор байлық;

A rolling stone gathers no moss—Тұрақсыз тасқа қына да тұрмайды. [1:734]

Жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдерге зер салсақ, төл тіліміздің інжу-маржандарын көріп тұрмыз. Дәл қазіргі уақытта ағылшын тілі әлемдік тілге айналып, барлық салада қолданылып, бүкіл адамзат баласына қызмет етіп отыр. Ағылшын тілінің сөздік қорына түркі тілдерінің де қосқан үлесі көп деп айтуға болады.

Мақал-мәтелдер—ертегі, аңыз-әңгіме, батырлық, ғашықтық жырлар, кара өлеңдер секілді халық шығармаларымен қатар жасап келе жатқан көне жанр. Олай дейтініміз 12-13-ші ғасырда сақталған сирек жазба деректерде де мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. Орхон жазбаларында: *Жырақ болса жаман сыйлық берер, жақын болса жақсы сыйлық берер; Бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген* (Күлтегіннен); *Жұқаны таптау оңай, жіңішкені ұзу оңай; Өлімнен ұят күшті* (Тоныкөктен) деген мақал-мәтелдерді кездестірдік. Ал ұлы тарихшымыз Махмұд Қашқаридың «Дивани луғат ат-түрік» сөздігінен: *Ұлық болсан кішік бол...; Тай ат болса-ат тынар, ұл ер болса-ата тынар; Күз болары көктемнен мәлім; Тау тауға қосылмас, адам адаммен әрқашан қосылар; Бейне түбі-рахат* дейтін мақалдар; «Құтадғу білік» дастанынан: *Біліп сөйлесең білікке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр;*

Ауыздан бірде от, бірде су шығар, бірі жанса, бірі сөндіреді; Аққан су ол- жақсы сөз, ол қайда ақса сонда гүл өсер; Тайды күтіп мінген, атты да мінеді дейтін мақалдарды кездестіруге болады. Мақал-мәтелдердің әлемін зерттей келе, өзі туралы және қай халыққа тән екенін білуге болады. Бұл-халықтың өмірбаяны, мәдени айнасы, сондықтан мақал-мәтелдер маңызды мазмұнымен ерекше, әр түрлі ғылым жүйесіндегі адамның, халықтың, мәдениеттің, соның ішінде тіл ғылымы үшін таптырмас дүние. Дәл қорытындылап айтқанда, халықтың өмірінен алынған тарихи тәжірибесі, ғасырлар бойы зерттелген көрінісі, халық энциклопедиясында ол өзінің барлық жетістіктерін қамти алады.

Қолданылған әдебиет:

1. Кеңесбаева Ү. Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік.-Астана. «Парасат-KZ» баспа үйі, 2010. 709,727,729,733,734 б.
2. Winston S. Churchill. A History of the English-speaking Peoples. Volume1. The birth of Britain. 72 p.
3. The Concise Oxford Dictionary of Proverbs.-Oxford. 1998.
4. Oxford Idioms Dictionary for Learners of English.-Oxford University Press. 2003.

ОӘК: 372.8:811.111'271

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ниязбек К.М.

kamila.9494@mail.ru

Еуразия Ұлттық Университеті, Филология факультеті, ШТ-41 студенті, Астана қ.,
Қазақстан

Ғылыми жетекші: Д.Х. Байдрахманов

Аннотация: Бұл мақала ағылшын тілінің әлемдік тіл екенін ескере отырып, оқушыларды осы тілде еркін ойлап-сөйлеуге үйрету, оқушылардың сөйлеу қабілетін жаңа технологияларды пайдалана отырып дамыту, оқушыларды өзге ұлттың мәдениетімен таныстыра отырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдарын нақты тәжірибе жүйінде көрсетілетін болады.

Кілттік сөздер: Сұрақ-жауап, диалог, сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс, мәтінмен жұмыс, монолог.

Еліміз жылдар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізісімен, шет тілі де мемлекетаралық тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте шет тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі айналды. Осы орайда мектептерде ағылшын тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс- тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды.

Тіл білімі үшін сөйлеу әрекетін зерттеу үлкен мәселелердің бірі екендігін швед лингвисті Фердинанд де Соссюр алғаш болып көрсеткен. Бала тілін зерттеген ғалымдар: А.Шахнарович, Л.Щерба, Е.Кубрякова, С.Канцельсон: «Сөйлеу әрекеті дегеніміз – үздіксіз үрдіс және ол сөйлеу үрдісі мен тыңдаудан тұрады», – деген. Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын, ағылшын тілінде өз ойын ауызша жеткізе алатын, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалай қалыптастыруға болады? деген сұрақ туындайды. Оқушылардың сөйлеу дағдысы алғаш сабақ басталғаннан бастап қалыптаса бастайды.[1]

Сұрақ-жауап